

Поляк-Литва татарларының қазақ ру-тайпаларымен этногенетикалық байланыстары

Polonya-Litvanya Tatarlarının Kazak Aşiretleri ile Etnogenetik İlişkileri

Ethno-genetic relations of the Polish-Lithuanian Tatars with the Kazakh tribes

Ноғайбаева Меңдігүл

қауымдастырылған профессор, Әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық универсиеті, Алматы, Қазақстан
nmskaz1129@gmail.com

Баяндамада деп аталатын этникалық топтың қазақ ру-тайпаларымен этногенетикалық байланыстары қарастырылады. Қабылданған тарихнама бойынша поляк-литва татарлар бұл этникалық топ 1397 жылы Тохтамыс хан Витовит князьге кашқан кезде өзімен бірге алып кеткен Жошы ұлысының тұрғындары, әскерлері мен олардың отбасыларынан құралған.

Бүгінгі таңға дейін Жошы ұлысының этникалық құрамы туралы қалыптасқан пікірлер жоқ. Дегенмен, Жошы ұлысының тұрғындарының басым бөлігін көшпелі түркі тайпалары құрады. Олардың басым бөлігі Жошы ұлысының шығыс бөлігінде моңғол шапқыншылығына дейін «қыпшақ» этносаяси қауымдастығы деген атпен белгілі болды. Моңғол шапқыншылығының нәтижесінде қазіргі Қазақстана аумағына көптеген түрік және моңғол тайпалар қоныс аударды. Олар жергілікті ру-тайпалармен бірігіп, арадаға бір ғасырдан астам уақыт өткенде өзара араласып кетті. Осылайша, ортағасырлық деректерде «92 баулы өзбек» тайпалары деп аталған этносаяси қауымдастықтың этникалық негізі қаланды. «92 баулы өзбек» тайпалары Алтын Орда ыдырағаннан кейін қазақ, ноғай, қарақалпақ, башқұрт, татар халықтарының негізін қалады.

Поляк-литва татарларының да негізгі этникалық ядросы Дешті Қыпшақ аумағында өмір сүрген Ақ Орда мемлекетінің негізгі халқын құраған «92 баулы өзбек» тайпаларының құрамындағы найман, арғын, жалайыр, қоңырат, қыпшақ және т.б. ру-тайпалар болды. Баяндамада поляк-литва татарларының этникалық құрамы мен олардың бүгінгі таңда қазақ халқын құрап отырған ру-тайпаларымен этногенетикалық байланыстары ортағасырлық дерек мәліметтерімен қатар қазақ халқының ауызша деректері, соның ішінде шежіре тарату дәстүрі, халық арасында сақталған аңыз-әңгімелер және тарихи жырлардың мәліметтері негінде салыстармалы түрде талданады. Осылайша поляк-литва татарларының бүгінгі қазақ, ноғай, қарақалпақ, башқұр халықтарымен этникалық бірлігі туралы тұжырым жасалады.

Кілт сөздер:

Поляк-Литва татарлары, қазақ ру-тайпалары, этногенетикалық байланыстар, Дешті Қыпшақ.

Özet

Çalışmada Polonya-Litvanya Tatarlarının Kazak boylarıyla etnogenetik ilişkileri ele alınmaktadır. Tarihi kayıtlara göre Polonya-Litvanya Tatarları, Toktamış Han 1397'de Prens Vitovit'e sığınırken yanında

Abstract

The report examines the ethno-genetic relations between the ethnic groups of the Polish-Lithuanian Tatars with the Kazakh tribes. According to the historiography this ethnic group consisted of

Özel Sayı “Polonya ve Türk Dünyası”, Kasım 2019

getirdiği Cuci ulusuna mensup askerî personel ve ailelerinden oluşmaktadır.

Cuci ulusunun etnik yapısı ile ilgili hâlâ genel kabul görmüş görüşler yoktur. Çoğunluğu Cuci ulusunun doğu kanadında Moğol istilasından önce Kıpçak etno-siyasi topluluğu olarak biliniyordu. Moğol istilası neticesinde pek çok Türk ve Moğol grubu bugünkü Kazakistan bölgesine göç etti. Yüzyıldan fazla bir arada yaşadıkten sonra bu gruplar yerel birbirlerine karıştılar. Böylelikle Ortaçağ kaynaklarında “92 Özbek aşireti” olarak adlandırılan etno-siyasi oluşumun etnik temeli atıldı. Altın Ordu'nun dağılmasından sonra, “92 Özbek aşireti” Kazak, Nogai, Karakalpak, Başkurt ve Tatar halklarının kurucuları oldu.

Polonya-Litvanya Tatarlarının ana etnik çekirdeği, Deşt-i Kıpçak bölgesinde yaşayan Ak Orda'nın esas halkını oluşturan “92 bağlı Özbek” boyları içindeki Nayman, Argın, Calayır, Konrat, Kıpçak, vb. kabilelerdi.

Bu çalışmada Polonya-Litvanya Tatarların etnik yapılarının ve bunların, modern Kazak boylarıyla olan etno-genetik ilişkileri, Orta Çağ kaynaklarından elde edilen verilere ve şecere gelenekleri de dâhil olmak üzere, halk arasında yaşayan efsaneler ve tarihî jırlar gibi sözlü kaynaklara dayanılarak karşılatırmalı incelemeye tâbi tutulmuştur. Souş olarak Polonya-Litvanya Tatarlarının Kazak, Nogay, Karakalpak ve Başkırlarla etnik ortaklığı ortaya konmuştur.

Anahtar kelimeler

Polonya-Litvanya Tatarları, Kazak, Türk, Bozkır, etno-genetik.

residents of the Ulus of Jochi, military personnel and their families which in 1397 Toktamys Khan took with him during the escape to Prince Vitovit.

There is still no formed opinion of the ethnic composition of the Ulus of Jochi. Most of them were known as the Kipchak ethno-political community before the Mongol invasion in the eastern part of the Ulus of Jochi. Thus the ethnic basis of the ethno-political community called in the medieval sources «92 Uzbek tribes» was laid. After collapse of Altyn Orda, «92 Uzbek tribes» became the founders of the Kazakh, Nogai, Karakalpak, Bashkir and Tatar peoples. The main ethnic core among the Polish-Lithuanian Tatars were Uysun, Naiman, Zhalayir, Shyryn, Baryn and others who consist “92 Uzbek tribes” which are the main ethnic group of Ak Orda state living in the territory of Desht-i Kipchak. The report makes a comparative analysis of the ethnic composition of the Polish-Lithuanian Tatars and their ethno-genetic relations with the tribes of the modern Kazakh people based on data from medieval sources as well as oral sources of the Kazakh people including the traditions of genealogy, legends and historical zhyrs preserved by the people. Thus, the conclusion was made about the ethnic unity of the Polish-Lithuanian Tatars with the modern Kazakhs, Nogais, Karakalpaks and Bashkirs.

Keywords

Polish-Lithuanian tatars, Kazakh, Turkic, Great Steppe, ethno-genetics.

Поляк-литва татарларының тарихын зерттеуде аталған этникалық топтың қазақ ру-тайпаларымен этногениткалық байланыстары негізгі тақырып ретінде қарастырылмаған. Қабылданған тарихнама бойынша бұл этникалық топ 1397 жылы Тохтамыс хан Витовит князьге қашқан кезде өзімен бірге алып кеткен Жошы ұлысының тұрғындары, әскерлері мен олардың отбасыларынан құралған деп есептеледі. Поляк-литва татарларының қазақ ру тайпаларымен байланыстарының тарихи негіздерін талдаймыз.

Özel Sayı “Polonya ve Türk Dünyası”, Kasım 2019

Жошы ұлысының тұрғындарының басым бөлігін көшпелі түркі тайпалары құрады. Олардың басым бөлігі Жошы ұлысының шығыс бөлігінде моңғол шапқыншылығына дейін «қыпшақ» этносаяси қауымдастығы деген атпен белгілі болды. Моңғол шапқыншылығының нәтижесінде қазіргі Қазақстана аумағына көптеген түрік және моңғол тайпалар қоныс аударды. Олар жергілікті ру-тайпалармен бірігіп, арадаға бір ғасырдан астам уақыт өткенде өзара араласып кетті. Осылайша, ортағасырлық деректерде «92 баулы өзбек» тайпалары деп аталған этносаяси қауымдастықтың этникалық негізі қаланды. «92 баулы өзбек» тайпалары Алтын Орда ыдырағаннан кейін қазақ, ноғай, қарақалпақ, башқұрт, татар халықтарының негізін қалады. Поляк-литва татарларының да негізгі этникалық ядросы Дешті Қыпшақ аумағында өмір сүрген жоғарыда аталған ру-тайпалар болды. Ортағасырлық жазба деректерде олардың этникалық негізі үйсін, найман, жалайыр, шырын, барын және т.б. тайпалар екені көрсетілген. Жазба деректерде Алтын Орданың сол қанатының билеушісі Ұрыс хан әмірлері (қазақ хандығының негізін қалған Керей мен Жәнібек хан Ұрыс хан ұрпақтары - авт) Тоқтамыс ханның жағына өткендегі, Ақ Орда мемлекетінің негізгі халқын құраған «92 баулы өзбек» тайпаларының құрамындағы найман, арғын, жалайыр, қоңырат, қыпшақ және т.б. ру-тайпалардың өкілдері Тоқтамыс әскерінің негізгі құрағаны туралы мәліметтер сақталған (Сборник материалов, 1884). Тоқтамыстың билікке келуімен оларға ежелден бағынышты, әрі, туыстық және т.б. байланыстары бар тайпалар үстем бола бастайды.

XIV ғасырдың 50-60-шы жылдарынан бастап Ақ Орда аумағын, яғни Шығыс Дешті Қыпшақты мекендеген тайпалар көбінесе «өзбектер» деген атаумен белгілі бола бастайды. Тарихи зерттеулерде XIV-XV ғасырлардағы «өзбек» атауы этноним ретінде емес, негізінен Шығыс Дешті Қыпшақтың жергілікті түркі және түркіленген моңғол тайпаларының жалпы, саяси жиынтық атауы ретінде қолданылғаны мойындалған. Сондықтан XIV-XV ғасырдың алғашқы жартысындағы Дешті Қыпшақ халқының негізін қалаған ру-тайпалар «92 баулы өзбек тайпалары» ретінде белгілі. Бұл 92 санын құраған ру-тайпалардың нақты тізімі бірнеше ортағасырлық деректерде сақталып қалған. Міне, осы дерек мәліметтерін жан-жақты талдап, ғылыми айналымға енгізген зерттеуші Т.И.Сұлтанов 92 өзбек тайпаларының нақты тізімін беріп, оларды бірнеше белгілеріне сәйкес талдайды (Сұлтанов, 1983). Бұл ру-тайпалардың 20-сы, яғни жалайыр, қоңырат, алшын, арғын, найман, қыпшақ, қаңлы, маңғыт, табын, тама, рамадан, үйсін, телеу, кердері, шеркес, керей, оймауыт, қырқ, керейіт қазақ халқының ру-тайпалық құрамында кездеседі [Сұлтанов, 1983]. Қазақ этнографтары Х. Арғынбаев, В. Востров және С. Мұқановтардың қазақ шежіресіне қатысты зерттеулерінде бүгінгі қазақ халқын құрап отырған үш жүздің ру-тайпалы құрамы 41/42 тайпадан және 112 рудан тұратыны көрсетілген (Арғынбаев, Мұқанов, Востров, 2000). Жоғарыдан келтірілген «92 баулы өзбек» тайпаларының құрамындағы 20 тайпаны қазақ шежіресімен байланыста қарастырар болсақ, онда аталған 20 тайпаның бүгінгі 41/42 тайпамен толық сәйкес келетіндігін көруге болады.

Ұлы Жүз тайпалары: албан, суан, дулат, ысты, шапырашты, ошақты, сіргелі, қаңлы, жалайыр. Шежіре дәстүрі бойынша Қаңлы мен жалайырдан басқа Ұлы жүз ру-тайпалары бір атадан таратылады және жалпы үйсін деген атаумен белгілі.

Özel Sayı “Polonya ve Türk Dünyası”, Kasım 2019

Орта жүз тайпалары тізімде толық берілген. Кіші жүз тайпалары үш ірі топқа жетіру, байұлы және әлім деп бөлінеді. 12 тайпадан тұратын байұлы мен алты тайпадан тұратын әлімдер қазақ шежіресі бойынша «алшын» деп аталды.

Көріп отырғанымыздай, 92 баулы өзбек тайпаларының құрамында аталып отырған 20 тайпа кейінгі қазақ халқының этникалық құрамын толық қамтыған. Ал, қазақты құраған ру-тайпалар ауызша дәстүрде, қазақ шежірелерінде «Алаш» деген жиынтық атаумен белгілі.

Мысалы, Қамбар батыр жырындағы «Тамашаға жиылсын, Алты Алаштың баласы», деген жолдар Бұқар жыраудың Абылай ханға айтқанындағы «Он сан Алаш баласын, жұмсап бір тұрсың қолыңмен» немесе Махамбеттің «Алты сан Алаш ат бөліп, тізгінін берсе қолыма», сондай-ақ «Атамыз – Алаш, керегеміз – ағаш» деген сөз оралымдары (Бес ғасыр жырлайды, 1984) «Алаш» атауының қазаққа тән екендігін тағы да айқындай түседі. Оның тарихи тамырларын басқа түркі халықтарынан іздестірудің қажеті жоқ.

Кезінде Н.Мыңжан: «Алаш» аты ертеде жалпы қазақ қауымының ұраны болған; қазақтың байырғы шежірелерінде «Алаш» сөзі «Қазақ» атауының синонимі ретінде қолданылған», - дегенді айтқан еді (Мыңжан, 1994). Мұның өзі «Алаштың» қазақтың қалыптасу тарихына қатысты этноним екендігін аңғартады. Қытайдағы ортағасырлар тарихын зерттеп жүрген бауырымыз Ж.Мырзахан өзінің зерттеуінде «Алты сан Алаш» атауының қолданылуын XIII-XV ғасырлар аралығына, қазақ халқының қалыптаса бастаған кезеңіне апарды. Нақтырақ айтар болсақ, ол былай деп жазады: қазақты құраған көшпелі тайпалар «... Шыңғысхан тұсында «Алты сан Алаш» (қыпшақ, найман, жалайыр, қоңырат, алшын, қаракесек) аталып, Жошы ұлысына берілгеннен кейін Ақ Орда хандығы құрылғанда ұйытқы болады да, оның қарулы күші екі қанатқа бөлінгенде Алаш мыңы деп аталады» (Мырзахан, 2004). Мұндағы «Алты сан Алаш» атауы Шыңғысхан тұсында шыққан дегенге келісу қиын. Өйткені аталып отырға қазақты құраған тайпалардың өзі бұл тұста моңғолдар жорығына байланысты ыдырап, қайта құрылу қарсаңында тұр еді. Бұл жаңа қазақ шежіресі басталар қарсаңындағы ғасырлар. Сондықтан да қазақты құраған ірі тайпалар жаңа руларды қалыптастырып, XIV ғасыр соңынан бастап қана «Алаш» атана бастады. Ал олардың «Алты сан Алаш» аталатыны біздің ойымызша, XV ғасырдың алғашқы жартысы. Бұл кезде Жалайыр, Қоңырат, Алшын, Арғын, Найман, Қыпшақ тайпалары әбден күшейіп, қазақ тәрізді халыққа этникалық негіз болуға толық дайын болды. Олардың қарулы күштері екі қанатқа бөлініп, «Алаш мыңы» аталатыны да осы кез. Осы айтылған пікірді жоғарыда біз атап кеткен Қадырғали Жалайырдың деректері де растай түседі. Онда мынадай жолдар бар екенін білеміз: «... Алач мыңы болады үш сан. ... Алач мыңы арасында үлкені тарақ тамғалы жалайыр болады. Шыңғыс хан заманынан бері бір мәртебеден (үлкендік) Тебребекке (В-би) тиді, одан Шайх-Софыбекке тиді, одан Айтулы-бекке тиді, одан Итбаға-бекке тиді, одан – Қарач-бекке тиді, одан Тоңқа-бекке тиді. Алач мыңының ағасы болып келген осылар. (Бұл) Өзбекия арасында мағлұм-мәшһүр» (Сыздықова, 1991).

XVI ғасырда жазылған Сайф ад-дин бен Дамулла Шах Аббас Ахсикентидің «Маджму ат-тауарих» атты еңбегінде Көшпелі өзбек ұлысындағы 92 тайпалар арасында қазақты құраған жоғарыда аталған жалайыр, қоңырат, алшын, арғын, найман, қыпшақ тайпалары қоғамдағы рөлдері маңызды болғандықтан, тізімдегі алғашқы ондықтың қатарында тұр (Маджму ат-Таварих, 2002). Ахсикентидің аталмыш дерегінің

мәліметтерін сөзбе-сөз берер болсақ, алғашқы ондыққа кіретін бұл тайпалар төмендегіше көрсетілген [Маджму ат-Таварих, 2002]:

| | |
|------------|-----------------|
| 1. минг | 6. конгурат |
| مينك | قونفورات |
| 2. юз | 7. алчин |
| يوز | المجين (آلجين) |
| 3. кырк | 8. аргун |
| قرق | ارغون |
| 4. джалаир | 9. найман |
| جلالير | نيمان |
| 5. сарай | 10. кыпчак |
| سرای | قبيچاق (قبيچاق) |

Кейінгі қазақ қоғамында қалыптасқан Ұлы жүзде жалайырды «аға баласы» ретінде тану сонау Шыңғысхан дәуірінен бастау алып, Ақ Орда мемлекеті тұсында «Алты Алашта» кеңінен таралса керек деген ой туады. Осы күнге дейін дәстүрлі қазақ қоғамында үш жүздің басы қосылған үлкен жиындарда, ас және т.б. басқосуларда бата беру дәстүрі үш жүздің үлкені ретінде жалайырға беріледі.

Ш.Уәлиханов кезінде Әмір Темір мен Тоқтамыстың арасында болған қантөгісте осы оқиғаға қатысқан Алаш балалары туралы айта кеткен еді. Осы деректі өзінің зерттеуінде пайдаланған М.Тынышпаев сөзбе-сөз былай деп жазды: «... Тимур во время первого своего похода (в 1391 году) убил детей «Алаша», под детьми «Алаша», как увидим дальше, разумеется «казаки». Нам известно, что в 1391 году Тохтамыш был разбит на левой стороне Волги; значит, дети «Алаша», или «казаки», жили в низовьях р. Волги» (Тынышпаев, 2001).

1380-ші жылдардан бастап Тоқтамыс ханның билікке келуімен Алтын Орда уақытша болса да, қайта күшейді. Деректерде Тоқтамыс ханды ақылды, батыр, сыпайы, көрікті адам ретінде суреттейді (Аноним Искандера, 1941). Әкесі Тайходжа-оғлан Орыс ханның саясатын қолдамағаны үшін жазаға ұшыраған болатын (Аноним Искандера, 1941). Ал, Тоқтамыс өзінің саяси биліктегі алғашқы қадамдарын Әмір Темірдің қолдауымен жүзеге асырды. Тоқтамыс Әмір Темірдің көмегімен Орыс хан мен оның ұлы Темір-Мәлікті жеңіп, Ақ Орда тағын иеленеді (Низам-ад-Дин Шами, 1941). 1379 жылы Әмір Темірдің көмегімен Сығанақта билікті иеленген Тоқтамыстың билігі күшейе түседі. Осы кезеңде Орыс ханның әмірлері бірінен соң бірі Тоқтамыстың жағына өте бастайды. Мәселен, Орыс ханның бас әмірі Қазан-бахадүр, сонымен бірге бірнеше беделді әмірлер Тоқтамыс жағына өтеді. Бұл туралы деректерде «әмірлердің өз әскерлерімен бірінен соң бірі оның (Тоқтамыстың) жағына өткендері» туралы айтылады (Аноним Искандера, 1941). Г.М.Сафарғалиев осы кезеңде кезінде Орыс ханмен бірге Тоқтамысқа қарсы күрескен Али-бектің де Тоқтамыс жағына өткені туралы жазады (Сафарғалиев, 1996). Міне, осы тұста аталған әмірлердің әскері құрамында болған жоғарыда аталған ру-тайпалар Тоқтамыстың Алтын Ордаға жасайтын жорығының негізгі әскерлерінің қатарынан табылды. Осылайша Ақ Орда мемлекетінің негізгі халқын құраған «92 баулы өзбек» тайпаларының құрамында саналатын найман, арғын, жалайыр, қоңырат, қыпшақ және т.б. ру-тайпалардың өкілдері

Тоқтамыс әскерінің негізгі сапын құрайды. 1380 жылы Тоқтамыс Сарайды, Қажытарханды, Қырымды, Мамайдың ордасын жаулап алады. Тоқтамыс көп ұзамай Алтын Орданың бұрынғы шекарасын қайта қалпына келтіреді. Ханның бұдан былайға саясаты, Алтын Орданың бұрынғы ұлы державалық ұстанымдары бойынша жүргізіледі (Федоров-Давыдов, 1973).

Осылайша баяндамада поляк-литва татарларының этникалық құрамы мен олардың бүгінгі таңда қазақ халқын құрап отырған ру-тайпаларымен этногенетикалық байланыстары ортағысырлық дерек мәліметтерімен қатар қазақ халқының ауызша деректері, соның ішінде шежіре тарату дәстүрі, халық арасында сақталған аңыз-әңгімелер және тарихи жырлардың мәліметтері негізінде салыстармалы түрде талданады. Осылайша поляк-литва татарларының бүгінгі қазақ, ноғай, қарақалпақ, башқұр халықтарымен этникалық бірлігі туралы тұжырым жасалады.

Әдебиеттер

(1941), Аноним Искендера. *СМИЗО. Т. II.*

(1941), Низам-ад-Дин Шами. Зафар-наме. *СМИЗО. Т.2, 106-109 бб.*

(1984), *Бес ғасыр жырлайды: 15 ғасырдан 20 ғасырдың бас кезіне дейінгі қазақ ақын-жырауларының шығармалары. Үш томдық. Т.1, Алматы, 256 б.*

2002, Маджму ат-Таварих. *Материалы по истории киргизов и Киргизии (второе изд.). ред.К.М. Молдобаев, Бишкек, 228 б.*

Арғынбаев Х., Мұқанов М., Востров В. (2000), *Қазақ шежіресі хақында. Алматы, 464 б.*

Мыңжан Н. (1994), *Қазақтың қысқаша тарихы. 26-27 бб.*

Мырзахан Ж. (2004), *Тарих қойнауынан. Тарихи очерктер, Алматы.*

Сафарғалиев М.Г. (1996), *Распад Золотой Орды. На стыке континентов и цивилизации, Москва, 402 б.*

Султанов Т.И. (1983), *Кочевые племена Приаралья в XV-XVII вв., - Москва.*

Сыздықова Р., Қойгелдиев М. (1991), *Қадырғали би Қосымұлы және оның Жылнамалар жинағы. – Алматы.*

Тизенгаузен В.Г. (1884), *Сборник материалов, относящихся к истории Золотой Орды. – Т.1. Извлечения из сочинений арабских, СПб.*

Тынышпаев М. (2001), *Таңдамалы. Избранное, Алматы.*

Федоров-Давыдов Г.А. (1973), *Общественный строй Золотой Орды.*